

Валюталық қысым индексі

23
02





Нәтижелерді пайымдау


Валюталық қысым индексі (EMPI) халықаралық резервтер мен негізгі мөлшерлемелер серпінінің валюта бағамына ықпалын өлшеу үшін қолданылады.

Индекс мәнінің жоғары деңгейі бағамның ықтимал әлсірегенін және ақша-несие саясатының (АНС) резервтері мен құралдарын қолдана отырып, сұраныстың күрт өсуге қарсы тұру мақсатында валюта нарығына араласуды білдіреді.

Индекс мәнінің төмен деңгейі қысымның және мемлекет тарапынан бағам белгілеуге араласушылықтың жоқ екендігін, бағамның таңдалған мерзім ішінде нығайғандығын, нарықта валютаның кең түрде ұсынылып жатқандығын білдіреді.

Ақпанда валюталық қысым индексі 2.9 пайыздық тармаққа (п.т.) өсті. Алайда оның мәні әлі де бағамға артық қысымның түсіріліп жатпағандығын білдіреді. Ағымдағы кезеңде бағам серпіні ең жоғары дәрежеде нарықтық факторлардың теңгерімін көрсетеді. Төмендегі графикадан 2022 жылдың наурызында индекстің шектен тыс өскендігін байқауға болады (+31.6 п.т.). Бұл халықаралық резервтердің төмендегені және базалық мөлшерлеменің күрт өскендігі салдарынан орын алды. Мұндай секірістер маусымда (резервтердің 3%-ға), тамызда, қыркүйекте (базалық мөлшерлеменің әсері) және желтоқсанда (TONIA мөлшерлемесінің өсуі) байқалды. Индекстің бұлайша өзгеруі валюта нарығына белгілі бір дәрежеде араласқандықты білдіреді.

Валюталық қысым индексі мен теңге бағамының серпіні



■ Валюталық қысым индексі — Орташа өлшенген бағам

Жалпы халықаралық резервтердің сомасы мен Ұлттық қордың активтері ақпанда 2.6%-ға қысқарды. Бұл ретте Ұлттық қордың активтері өзгермеді десе де болады (айына -0.4%), алтын қорының көлемі 19.9 млрд долларға дейін қысқарды (айына -8.5%), ал еркін айырбасталымды валюталардағы активтер 2.5%-ға төмендеп, 14.6 млрд долларды құрады.

TONIA орташа индексі 16.1%-ды құрады (бір ай ішінде +0.3 п.т.), ҚРҰБ базалық мөлшерлемесі 16.75% деңгейінде сақтады. Нарыққа қатысушылардың көпшілігі мөлшерлеменің ағымдағы деңгейінде қалатындығын күтеді. Экономикада айқынсыздықтың жойыла бастауын және инвестициялаудың теңгелік құралдары бойынша жоғары табыстылықты ескерер болсақ, валюта нарығына қатысушылар арасында ағымдағы бағамға қатысты қандай да бір тепе-теңдіктің қалыптасқандығы байқалады. Бұл қысқа және орташа мерзімді қазыналық облигацияларға деген сұраныстың жоғарылығымен білінеді.



Нәтижелерді пайымдау

Ақпанда теңге бір доллар үшін 442 теңгеге дейін нығайды. Бұл 2022 жылдың маусымынан бергі рекордтық дәрежедегі нығаю. Қорытындылай келе орташа өлшенген бағам бір доллар үшін 451.9 теңгені құрады. Бұл ретте ішкі факторлар, оның ішінде ақпанның соңындағы салық аптасы маңызды рөл атқарды. Айырбастау пункттерінде валютаға деген сұраныстың төмендігі, сондай-ақ жеке тұлғалардың шетел валютасындағы салымдарының жылыстауы, яғни азауы, халықтың «ақша құнсызданады» деген болжамының төмен екендігін көрсетеді.

Индекстің мәніне қарағанда ақпанда біз айырбас бағамының шартты түрде теңдестірілгенін бақыладық. Ол экономикалық реттеушілер тарапынан ешқандай араласусыз нығайды. Алайда наурызда сыртқы экономикада белгілі бір қауіп-қатерлер байқала бастады. Айталық, теңге бағамына әлемдік қаржы нарығында пессимизм мен қауіп-қатердің өсуіне байланысты нарыққа қатысушылардың көңіл-күйі әсер еткен болса керекті. Бұл ретте қазіргі бағам белгіленімі экономикалық агенттердің ішкі және сыртқы факторларды түсіндіріп, пайымдауына көп тәуелді.



Есептеу әдістемесі

EMPI мына формула бойынша есептеледі:

$$EMPI = \frac{\Delta e}{e} - \frac{\sigma e}{\sigma r} * \frac{\Delta r}{r} + \frac{\sigma e}{\sigma i} * \Delta i$$

e – таңдап алынған кезең бойынша теңгенің долларға қатысты орташа өлшенген айырбас бағамы;

Δe – таңдап алынған кезең бойынша орташа өлшенген айырбас бағамының серпіні;

σe – айырбас бағамының стандартты ауытқуы ($\Delta e/e$);

r – таңдап алынған кезең бойынша Ұлттық Банктің халықаралық резервтері мен активтері;

Δr – таңдап алынған кезең бойынша халықаралық резервтердің серпіні;

σr – халықаралық резервтер серпінінің стандартты ауытқуы ($\Delta r/r$);

Δi – TONIA орташа мөлшерлемесінің бір ай ішіндегі өзгерісі;

σi – TONIA орташа мөлшерлемесінің өзгеру шамасының стандартты ауытқуы (Δi).



Автор: Сұңғат Рысбек

Жауапкершілікті шектеу:

Jusan Analytics - «Jusan Bank» АҚ аналитикалық құрылымдық бөлімшесі.

Бұл тек ақпараттық сипатқа ие жұмыс. Сонымен қатар бұл Jusan Analytics тарапынан қандай да бір ұсынысқа немесе есеп-қисап, іскерлік, қаржылық, инвестициялық, заңдық, салықтық немесе басқа да кәсіби консультациялар беру не болмаса қызмет көрсетуді ұсыну бойынша ұмтылысқа жатпайды. Материал біз сенімді деп санаған, шынайы әрі ашық ақпарат көздерінен алынған мәліметтерге негізделген. Алайда біз келтірілген мәліметтерді мінсіз деп айта алмаймыз.

Оқырмандар дербес қаржылық шешім қабылдау үшін осы жұмыстағы мәліметтерді пайдаланғандары үшін біз жауапты емеспіз. «Jusan Bank» АҚ Jusan Analytics тұлғасында жарияланымдағы ақпараттарды тұрақты түрде жаңартып тұруға немесе ондағы ықтимал дәлсіздіктерді түзетуге міндетті емес. Осы ретте аталмыш жұмыстың құрамындағы мәліметтер толық, түпкілікті болып саналмайды және алдын ала ескертусіз кез келген уақытта өзгертілуі мүмкін.

Бұл жұмыстағы жарияланған ақпарат жеке пайдалануға қолжетімді, бірақ коммерциялық тұрғыда таратуға арналмаған және Jusan Analytics-тің алдын ала жазбаша рұқсатынсыз оны толығымен немесе ішінара қайта жаңғыртуға, жолдауға және жариялауға болмайды.

Материалды пайдалану мәселесі бойынша Jusan Analytics-ке жүгініңіз:

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
А25D5F7, әл-Фараби даңғылы, 36, В блогы, 6 қабат.
analytics@jusan.kz